



## Қамсыздандыру жарнасының талаптарына өзгеріс

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2016 жылғы 01 шілдедегі №2016/07-65 хаттама) Қамсыздандыру жарнасының талаптарына (бұдан әрі – қамсыздандыру талаптары) 2022 жылғы «23» мамырдан бастап келесі өзгерістер енгізілсін:

1. Қамсыздандыру талаптарының бірінші абзацының 2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын: «2) Kасpi RED бас шартының аясында **БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ** шарты, [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) мекенжайында орналастырылған Kасpi Red банктік қызмет көрсету шарты, [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) мекенжайында орналастырылған Kасpi Red клубының ережесі (бұдан әрі – Kасpi Red клубының шарттары)».

2. Қамсыздандыру талаптарының 3-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«3. Қарыз алушының міндеттемелерінің сомасы, оларды орындау тәртібі және мерзімі Шартқа берілген Дербес талаптарға және/немесе Шарттың аясында айқындалған өзге де талаптарға сәйкес айқындалады. Міндеттемелердің ең көп мөлшері – СЕ-нің аясында көп дегенде отыз миллион теңге (несие лимитінің ең көп сомасы) және Kасpi Red клубының шарттарының аясында көп дегенде бес миллион теңге. СЕ-нің аясында міндеттемелерді орындау мерзімі – егер дербес талаптарда өзге мерзім көзделмесе, бір ай, ал Kасpi Red клубының шарттарының аясында – бір айдан тоғыз айға дейін».

3. Қамсыздандыру талаптарының 12-тармағының 2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«2) Kасpi RED бас шарты, Kасpi Red банктік қызмет көрсету шарты (Клубтың қатысушылары үшін) аясында айыппұлдар, төлемдер мен комиссиялар;».

4. Қамсыздандыру талаптары мынадай редакциядағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

«13-1. Kасpi Gold картасы болған жағдайда, Шарт бойынша берешек толық өтелгеннен кейін осындай Шарт бойынша салынған Қамсыздандыру жарнасының қалдығы Клиенттің Kасpi Gold төлем картасына ашылған банктік шотқа қайтарылады. Kасpi Gold картасы болмаған жағдайда, қамсыздандыру талаптарының 13-тармағында көрсетілген тәртіп қолданылады».

5. Қамсыздандыру талаптарының 18-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«18. Өзгерістерді немесе жаңа қамсыздандыру талаптарын Банктің [www.kaspibank.kz](http://www.kaspibank.kz) немесе [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) сайттарында жариялаған жағдайда, Банк Қамсыздандыру жарнасының талаптарын біржақты тәртіппен өзгерте алады».

\*\*\*